

Тәрбие сағаты

Сабақтың тақырыбы: Ардақта ата-анаңды

Мақсаты;

а) білімділігі; Бала бойына сүйіспеншілікті , жылылықты ұялату,ата-анасын құрмет тұтып, адал да парасатты ұл мен қыз болуға тәрбиелеу;

ә) дамытушылығы; Халқамыздың тәлім- тәрбиесінің ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетіндігін, өзіндік ұлттық қасиетімізді балалар бойына дарыту.

б) тәрбиелілігі; отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Слайдтар, жадынама, анкета.

Әдісі; Интерактивті технология.

Барысы; I.Ұйымдастыру .

II.Тәрбие сағаты.



Ардақта



ата-анаңды.

Қымбатты ата-ана, ұстаздар!

Балалардың борышы сіздерді құрметтеу.

Алдымен сыйлау, сүю, ардақты ата-аналар.

Үлгілі ұрпақ атадан бата алады.

Бар жақсылық балаға бұл ғаламда,

Мейірімінен ананың жасалады.

Жырақ жүрген ата-анасын сағынған,

Ата-анаға сәлем айтқан ән-жырдан.

Екеуінің қуанышы, тілегі

Әрқашан да бір арнадан табылған.



Сөзжұмбақ



1.Қой дегенде бар, лақ дегенде жоқ,
Ойда бар, бақта жоқ

2.Рәміздің бірі

3.Еңбек құралы


4.Ең жақын адам

5.Уақытты немен білеміз?



6.Ырыс алды

Жұмбақ шешу

Маған да,саған да
Жақын туыс бес адам.
Үш әріптен тұратын
Оңға оқы,солға оқы
Өзгермейді еш одан
Бәріде өз жұртың,
Айтады кәне кім атын?



Топтастыру





Ата-ана туралы дана сөздер:

Сабина



Ұл-қыз ата-анасын, үлкендерді қуанышқа бөлеп, бақытқа кенелтсем десе, алдымен әдепті болулары керек. Өз жұмыстарын адал да тыңғылықты атқарса, ата-ананың ұл-қызы болып өседі

Аман



Адал жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды, Жеміс ағашын жақсы қарап күткендей, ата-анаңды аялап бақсаң, армандарың орындалады.

Мөлдір



Ата-ананың көңілін еш ренжітуші болма, олардың жүрегіне қайғы түсіруші болма.

Бекзат



Сәби шағында олар өзіңді қалай бағып-қақса, қартайғанда оларды да солай алақанға салып, аялап күту керек.



Бекзат



Ата-анасын ұмытқан бала опасызы, рахымсыздың рахымсызы

Сабина



Ата-ананың қадірін білмеген халық қадірін білмейді.

Мөлдір



Түн ұйқысын төрт бөлген түнде бесік таянып, түнде шошып оянған ананың ақ мейірімін ерекше бағаламасаңдар, ол- қорлық

Мұғалім



Кейбір тәрбиесіз, арсыз балалар ата-анасына қарсы сөйлеп, тыңдамай жатады. Ондай қылықтардан аулақ болып ана, әке, апа, қарындас туыстарыңды сыйлап жүріңдер. Әке-тірегің, қамқоршың, асқар-тауың. Ана- жарық дүниеге әкелуші.



Көрініс:
Қарт пен бала әңгімесі



Қарт




Өмірде не жетім

- 1.Өмірде ата-анасы жоқ болса, бала -жетім.
- 2.Халқына сенімсіз болса, хан –жетім
- 3.Суы жоқ- құдық жетім
- 4.Досы жоқ жігіт- жетім
- 5.Шәкіртсіз ұстаз –жетім
- 6.Қызы жетесіз болса, ана- жетім
- 7.Ата-ана ақылы жерде қалса,
бәрінен де сол жетім



“Мен үшін қымбат..”



Ананың

**Аялы
алақаны**

мейірімі

күлкісі



**Ыстық
жүрегі**

**Мейірімді
көздері**

**махабб
аты**

**Жан
жылуы**



Балаларға сұрақтар:

- Анаңның сүйіп жасайтын жұмысы не?
- Анаңның туған күні қашан?
- Үйдегі адам саны қанша?
- Бауырың неше жаста?
- Үйде ыдысты кім жуады?
- Үйді кім жинастырады?
- Таңертең сені кім оятады?
- Әкеңнің туған күні қашан?



Ата-аналарға сұрақтар:

- Балаңыздың туған күні қашан?
- Балаңыздың ең жақын досы кім?
- Балаңыздың оқитын кітап- журналдарын атаңыз?
- Бос уақытын қалай өткізеді?
- Балаңыздың үйдегі сүйікті ісі?
- Балаңыз қай пәнді жақсы көреді?
- Балаңыздың арманы не?
- Балаға үлгі болатын адам кім?



жалғасын тап-ойыны

- 1.Атаға қарап-...
Анаға қарап-...
- 2.Ананың көңілі балада,...
- 3.Ата-ананың қадірін ...
- 4.Атаның баласы болма ...
- 5.Баланың жақсысы қызық ...
- 6.Ұядан не көрсе,...
- 7.Қарағайға қарап.....
Отбасына қарап



жарайсың



Балаларға жұмбақтар шештіру

Әлпештеп өзіңдей өсірген

Нағашы әжеңнің баласы

Төріндежалпып көсілген

Бұл күнде жиеннің анасы Ол кім?

Аймалайды күнім деп

Мейірімді жүзі күлімдеп

Тәтті-ақ дейді немере

Бал шырындай үнің деп Ол кім?

Айтары мол ғұлама

Көп жасаған бұл адам

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған Ол кім?

Атаңның баласы

Кей кезде таласып

Қаласың әжеге

Білгенің асады кәдеге Ол кім?



Пікірталас



- 1.Бақытты отбасы болудың негізгі шартына нені жатқызар едіңіздер?
- 2.Бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілігі басым ба,әлде мектептің жауапкершілігі басым ба?
- 3.Баларды өзімшілдік мінездің қалыптасуы неден ?
- 4.Баланы еркін тәрбиелеген дұрыс па, қатал тәрбиелеген дұрыс па?
- 5.Отбасында бос уақытты қалай пайдаланасың?
- 6.Тәрбие адамның тағдырын шешеді дейді, сіз қалай ойлайсыз?





Жағдаяттар




1.Тоқсандық қорытындысы бойынша сіздің балаңыз бір сабақтан үшке кетті делік.Сіздің іс-әрекетіңіз.

2.Балаңыз мектептен жылап келді”мұғалім маған ұрысты” деп ... Сіз не істер едіңіз?


3.Бала мен бала мектептен шығып келе жатқанда бір-бірімен төбелесіп қалды.Ол бала сіздің балаңыздың өте жақын жолдасы еді. Сіздің іс-әрекеріңіз.

4.Балаңыз -өте жақсы оқитын бала.Бір күні сабақтан екі алып,мұғалімнің ескертпесі күнделікке жазылып келді..Сіз не істер едіңіз?





Мен ата-анаммен біргемін.



Мәлдіп




Сабина



Бөкзаят



Аман



Анама ақ тілек

Ой- толғаныс. Аналарына
гүл ұсынып, тілектерін
айтады.



Қорытынды

- Не тәтті ? **Ананың сүті**
- Не жұмсақ ? **Ананың қолы**
- Кім жақын ? **Тату болса ағайын жақын,
Бауырмал болса, інің жақын**
- Не қымбат ? **Алтын ұяң Отаның қымбат,
Құт – береке атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Бәрінен де ұят пенен ар қымбат**





Қызыл жұлдыз: Мәсіе Аман Тұңбайұлы Жамбыл жаты ота бітім беремі немер